

**Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының уақытша ережесі мен оның санын бекіту туралы**

*Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1992 жылғы 23 маусым N 807. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1994.05.16. N 1699 Қаулысымен. ~К941699

Республикалық ұлан әскери қызметшілерінің әскери қызмет өткеру тәртібін анықтау және оның жасақталуын ұйымдасқан түрде жүргізу мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы туралы Уақытша ереже бекітілсін.

2. Республикалық ұланның 1992 жылға штаттың шекті саны әскери қызметшілер 1800 және қызметші - 30 адам болып белгіленіп, кейін бұл 1993 жылы 2500 әскери қызметшіге және 50 қызметшіге жеткізілсін.

Республикалық ұланның қолбасшысына Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Қаржы министрлігінің келісуі бойынша штатты және оған табельді бекіту хұқы берілсін.

3. Республикалық ұланның қолбасшысы Қазақстан Республикасының

Қорғаныс министрлігімен, Ішкі әскерлер басқармасымен, Шығыс шекара округі басқармасымен бірлесіп 1992 жылғы 1 қарашаға дейін Республикалық ұланның ерікті контракт негізінде республиканың әскери қызметшілерінен, сондай-ақ әскери міндетті азаматтарынан қолданылып жүрген заңдарға және Уақытша ережеге сәйкес қалыптастырылуы мен жасақталуын жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Алматы. 1992 жылғы 23 маусым  
N 807

Қазақстан Республикасы  
Президентінің

1992 жылғы 23 маусымдағы  
N 807 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы туралы  
УАҚЫТША ЕРЕЖЕ

Алматы қаласы, 1992 жыл

Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы\* туралы осы Уақытша ереже "Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 16 наурыздағы Жарлығына сәйкес әзірленді.

Уақытша ереже Ұланның мақсатын, оны жасақтау және әскери қызмет өтеу, материалдық-техникалық, қаржылық қамтамасыз ету тәртібін анықтайды, сондай-ақ әскери қызметшілердің хұқықтары мен міндеттерін әйгілейді. <\*> . Бұдан былай Ұлан делінеді.

1 ТАРАУ  
ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Ұлан "Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы" Конституциялық Заңға сәйкес құрылған және Қазақстан Республикасының егемендігін қамтамасыз етуді, конституциялық құрылысын, азаматтарының хұқықтары мен бостандығын, сондай-ақ өзге де өмірлік маңызды мүдделерін қорғауды:

республика мемлекеттік өкіметінің заңды сайланған жоғары органдарын қорғауды;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысуды;

шетел мемлекеттерінің ресми өкілдерін қарсы алу мен шығарып салуға, Қазақстан Республикасының мерекелері мен салтанаттарына байланысты дәстүрлі рәсімдерді атқаруды;

табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың зардаптарын жоюды;

айрықша кезеңдерде аса маңызды мемлекеттік объектілерді күзету мен қорғау үшін бөлімшелер жасақтауды мақсат тұтады.

2. Ұлан бөлек жауынгерлік жасақ әрі Қарулы Күштердің резерві болып саналады. Ол Қазақстан Республикасының Президентіне бағынады. Ұланға тікелей басшылық ету Республика Ұланының қолбасшысына жүктеледі.

3. Ұлан қолданылып жүрген Заңдарға және осы Ережеге сәйкес Қарулы Күштердің әскери қызметшілері мен Қазақстан Республикасының әскери міндетті азаматтарының ішінен еріктілік негізінде жасақталады.

4. Ұлан өзіне жүктелген міндеттерді ішкі істер және мемлекет хауіпсіздігі органдарымен, ішкі және шекара әскерлерімен, ал төтенше жағдайлардағы міндеттерді орындаған кезде Қарулы Күштердің әскери бөлімдерімен тығыз бірлесіп атқарады.

5. Ұлан ұйымдық жағынан жеке батальондардан және бригадаға біріккен қамтамасыз ету мен қызмет көрсету бөлімшелерінен құралады.

6. Ұланның саны бөлімшелердің атқаратын міндеті ескеріліп, Қазақстан Республикасы Президентінің қаулысымен белгіленеді және республикадағы ахуалдың қалыптасуына қарай өзгертілуі мүмкін.

7. Ұланның соғыс кезіндегі құрамы мен міндеттері республиканың қорғаныс туралы заң актілерімен және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысымен айқындалады.

8. Ұландағы әскери қызметті атқару тәртібі қолданылып жүрген Заңдармен, Қазақстан Республикасының конституциясымен, осы Ережемен және Қарулы Күштердің Жалпы әскери Жарғыларының талаптарымен анықталады, Ұланның жеке құрамына ерекшелік белгісі беріледі.

9. Ұланның тіршілік-тынысын қамсыздандыру мен қызметінің

бабындағы аса маңызды мәселелерді Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті шешеді.

10. Ұланның қосымша қызметтерінің жұмысын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының еңбек туралы Заңдарында белгіленген тәртіппен әскери емес азаматтар қабылданады. Әскери емес азаматтар "Ұлан қызметкерінің ант міндеттемесін" қабылдайды, оның текстін Республикалық ұланның қолбасшысы бекітеді.

11. Ұланда Заңдардың бұлжымай сақталуын қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас прокуроры бағынышты әскери прокуратура органдары арқылы жүзеге асырады.

ОФИЦЕРЛІК ҚҰРАМНЫҢ, ПРАПОРЩИКТЕРДІҢ,  
СТАРШИНАЛАРДЫҢ, СЕРЖАНТТАР МЕН  
СОЛДАТТАРДЫҢ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТІ АТҚАРУЫ

I. Республикалық ұланды жасақтау тәртібі

12. Ұлан ерікті контрактілік негізде және қолданылып жүрген Заңдарға сәйкес Қарулы Күштердің әскери қызметшілері мен Қазақстан Республикасының әскери міндетті азаматтарының арасынан оның территориясында он бес жылдан кем тұрмаған барлық ұлттар мен ұлыстардың өкілдерінен жасақталады.

13. Ұланға алған кезде әуе десанты әскерлерінде, теңіз жаяу әскері мен арнайы мақсаттағы бөлімдерде қызмет атқарып жатқан немесе бұрын қызмет атқарған денесі жақсы шыныққан бойы 175 сантиметрден кем емес офицерлік құрамның адамдарына, прапорщиктерге (мичмандарға), сержанттар мен солдаттарға басым хұқық беріледі.

14. Ұланның қатарына шақыру және оны жеке құрамымен жасақтауды әскери комиссариаттар арнаулы сауалдардан ойдағыдай өткен, кәсіптік тұрғыдан жарамды, медициналық талаптарға сай келетін кандидаттардың арасынан республикалық ұланның қолбасшысының өтінімі бойынша жүзеге асырады. Ұланды кадрдағы офицерлермен және прапорщиктермен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің кадрлар басқармасымен бірлесіп, Республикалық ұланның қолбасшысы жасақтайды.

15. Жасақтаудың жағдайы мен сапасы, Ұландағы қызметке кәсіптік-психологиялық жағынан іріктеуді ұйымдастыру, алынған жастарды бөлімшелерге тарату, белгіленген міндетті әскери қызметінің уақытын өтеген мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді уақтылы әрі ұйымшылдықпен босату Республикалық ұланның Қолбасшысына жүктеледі.

16. Әскери қызметшілердің Ұланда әскери қызмет өтеуі Қарулы Күштерде әскери қызмет өтеуге теңестіріледі.

17. Бейбіт уақытта Ұлан офицерлік құраммен және прапорщиктермен:

а) Қарулы Күштерде міндетті әскери қызметін өтеп жатқан кадрдағы офицерлермен;

б) айрықша жағдайларда, аса зәру мамандықтар бойынша бос орындар болғанда - әскери қызметке жарамды жасынан аспаған запастағы офицерлермен, офицерлік әскери атақ берілгеннен кейін 35 жасқа толмаған азаматтардан;

в) Қарулы Күштерде міндетті әскери қызметін өтеп жатқан прапорщиктермен

(мичмандармен);

г) 30 жасқа дейінгі запастағы прапорщиктермен (мичмандармен);

д) 35 жастан аспаған прапорщик ретінде міндетті әскери қызметке қабылданған; даярлық бейімі жөнінен әскери мамандыққа сәйкес жоғары азаматтық білім алған азаматтармен жеке контрактілер жасасу жолымен конкурстық негізде жасақталады.

Бастапқыда прапорщиктермен контракт екі жылдан кем емес мерзімге жасалады. Контракт бойынша міндетті әскери қызметтің мерзімін ұзарту әскери қызметте болудың мөлшерлі жасына жеткенге дейін әр жолы кемінде 3 жыл мерзімге жүргізіледі.

Адамдарды міндетті әскери қызметке прапорщик ретінде қабылдауды, қызмет мерзімін ұзартып, қызметтен босатуды Республикалық ұланның қолбасшысы жүзеге асырады.

18. Бейбіт уақытта Республикалық ұлан қатардағы және сержанттық құраммен:

а) әскерге шақырылатын күнінде 18 жасқа толған шақыру жасындағы азаматтардан;

б) сержанттардан, старшиналардан, сондай-ақ Қарулы Күштердің оқу бөлімдерін бітірген маман солдаттардан;

в) 27 жасқа дейінгі әскери міндеттілерден жасақталады.

Бөлімдер мен бөлімшелердің жауынгерлік әзірлігін анықтайтын лауазымдарды жасақтау контрактілік негізде жүргізіледі.

Бастапқыда контракт үш жылдан кем емес мерзімге жасалады. Контракт бойынша әскери қызмет мерзімін ұзарту әскери қызметте болудың мөлшерлі жасына жеткенге дейін әр жолы кемінде 2 жыл мерзімге жүргізіледі.

Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер үшін әскери қызмет мерзімі 1 жыл 6 ай болып белгіленеді.

Контракт бойынша солдаттарды, сержанттар мен старшиналарды қабылдауды, олардың қызмет мерзімін ұзартуды, қызметтен босатуды Республикалық ұлан бригадасының командирі жүзеге асырады.

19. Ұланда әскери қызметте болудың мөлшерлі жасы:

а) әскери қызметін контракт бойынша қатардағы, сержант құрамындағы лауазымдарда, сондай-ақ прапорщик болып өтеп жүргендер үшін - 45 жас;

б) кіші офицерлік құрам үшін - 40 жас;

аға офицерлік құрам үшін (майордан подполковникке дейінгілерді қоса) - 45 жас;

аға офицерлік құрам үшін (полковник әскери атағын қоса) - 45 жас;

аға офицерлік құрам үшін (полковник әскери атағында) - 50 жас;  
жоғары офицерлік құрам үшін (генерал-майордан генерал-лейтенантқа дейінгілерді қоса) - 55 жас.

Әскери қызметке тұңғыш рет шақырылған немесе қабылданған азаматтар ант береді.

## II. Лауазымға тағайындау, қызметін ауыстыру және жоғарылату

20. Офицерлік құрамдағы адамдарды лауазымға тағайындау.

Республикалық ұланның Қолбасшысы лауазымына - Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен;

Республикалық ұланның Қолбасшысы орынбасарларының және бригада командирінің лауазымына - Қазақстан Республикасы Президентінің өкімімен;  
батальон командирі және одан жоғары лауазымға - Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының келісуі бойынша Республикалық ұлан Қолбасшысының бұйрығымен;  
қалған лауазымдарға - Республикалық ұлан Қолбасшысының

бұйрықтарымен жүргізіледі.

21. Прапорщик (мичман), қатардағы және сержант құрамындағылар, оның ішінде контракт бойынша әскери қызмет өткеріп жүргендер лауазымға Республикалық ұланның бригада командирінің бұйрығымен тағайындалады.

Офицер құрамындағы адамдарды, прапорщиктерді (мичмандарды), қатардағы және сержант құрамындағы адамдарды қызметте ауыстыру мен жоғарылату Қарулы Күштердің қолданылып жүрген заңдарының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

## III. Әскери атақ беру, төмендету және айыру

22. Республикалық ұланның офицерлік құрамына атқарып жүрген лауазымы бойынша әскери атақ Қарулы Күштердегі осындай лауазымдарға

көзделгеннен бір саты жоғары әскери атақтар белгіленеді.

23. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен мынадай әскери атақтар:

генерал-майор және одан жоғары:

Республикалық ұланға кадр етіп белгілеген жағдайда алғашқы офицерлік атақ беріледі.

24. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен "майор", "подполковник", "полковник" әскери атақтары беріледі.

25. Республикалық ұлан Қолбасшысының бұйрығымен "капитан", "аға лейтенант", "аға прапорщик" және "прапорщик" әскери атақтары беріледі.

Қызмет мүддесі үшін кезекті офицерлік әскери атақты кезекті әскери атақ беруге мүмкіндік жасайтын жоғары лауазымға тағайындаумен бір мезгілде беруге болады.

26. Республикалық ұланның бригада командирінің бұйрығымен мерзімді қызметтегі және контракт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілерге ефрейтордан бастап старшинаға дейінгі әскери атақтар беріледі.

27. Республикалық ұланда міндетті әскери қызметте тұрған офицерлер үшін әскери атақтарда қызмет өткеру мерзімдері Қарулы Күштерде әскери қызмет өткеру туралы ережеге сәйкес белгіленеді.

28. Офицерлік құрамдағы адамдардың, прапорщиктердің, сержант құрамының әскери атақтарын төмендету және айыру Қарулы Күштердің қолданылып жүрген заңдарының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

#### IV. Демалыстар беру

29. Контракт бойынша қызмет өткеріп жүрген офицерлік құрамдағы адамдарға, прапорщиктер мен солдаттарға, сержанттарға, старшиналарға кезекті демалыс:

а) Республикалық ұланда 10 күнтізбелік жыл қызмет өткергендерге - жыл сайын 35 тәуліктік мерзімге;

б) Республикалық ұланда 10 жылдан артық қызмет өткергендерге - жыл сайын 45 тәуліктік мерзімге беріледі.

#### V. Міндетті әскери қызметтен босату

30. Офицерлік құрамдағы адамдар, прапорщиктер, солдаттар, сержанттар мен

старшиналар міндетті әскери қызметтен:

а) Республикалық ұланның Қолбасшысы - Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен;

б) Республикалық ұлан Қолбасшысының орынбасарлары және бригада командирі - Қазақстан Республикасы Президентінің өкімімен;

в) батальон командирлері және одан жоғарғылары - Республикалық ұлан Қолбасшысының бұйрықтарымен Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының келісуі бойынша;

г) офицерлік құрамдағы адамдардың қалған санаттары мен прапорщиктер - Республикалық ұлан Қолбасшысының бұйрықтарымен;

д) мерзімді қызметтегі солдаттар, сержанттар мен старшиналар - белгіленген тәртіппен; контракт бойынша әскери қызмет өткеріп жүргендер - Республикалық ұланның бригада командирінің бұйрықтарымен босатылады.

## VI. Хұқылары мен міндеттері

31. Ұланның офицерлік құрамдағы адамдары, прапорщиктері, солдаттары, сержанттары мен старшиналары Қазақстан Республикасы азаматтарының әлеуметтік-экономикалық, саяси хұқыларын, өзіндік хұқылары мен бостандықтарын толық пайдаланады, Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген барлық міндеттерді өзіне алады.

Әскери қызметшілердің әскери қызмет жағдайларынан туындайтын хұқылары мен міндеттері қолданылып жүрген нормативті актілермен және осы Ережемен анықталады.

32. Республикалық ұланның әскери қызметшілері:

өз Отаны - Қазақстан Республикасына шексіз беріліп қызмет етуге, әскери борышын орындаған кезде өз күш-жігері мен өмірін аямауға, әскери қызметтің қиындықтары мен ауыртпалықтарын табандылықпен көтере білуге;

өзінің әскери техникалық және арнаулы білімін ұдайы көтеріп, қарауындағылар мен жолдастарына барлық істе өнеге көрсетуге, сеніп тапсырылған қару мен әскери техниканы білуге және шеберлікпен қолдануға, жарғылық реттілікті қолдап, әскери тәртіпті нығайтуға;

қарауындағыларды әскери борышты мүлтіксіз орындау, достық және әскери жолдастық, Қазақстан Республикасын қорғауға ұдайы әзір тұру рухында тәрбиелеуге;

өзінің әскери бөлімінің абыройын әрқашан және барлық жерде

ардақ тұтуға, өзінің әскери атағының абыройы мен қадір-қасиетін



қорғай білуге, заңдардың, әскери анттың және әскери жарғылардың талаптарын қатаң сақтауға;

қызмет бабындағы міндеттерді шешуде инициатива көтеріп, шығармашылық танытуға, күрделі жағдайда тапқырлық білдіруге міндетті.

33. Ұланның әскери қызметшілерінің Қазақстан Республикасы азаматтарына және қызмет бабындағы міндеттерін орындау кезінде Қарулы Күштердің жеке адам құрамына берілген барлық хұқтарды пайдалануға хұқы бар.

### 3 ТАРАУ

#### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҰЛАНЫН ТЫЛДЫҚ ЖӘНЕ КӨЛІКТІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, ӘСКЕРИ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

##### I. Жалпы ережелер

34. Республикалық ұланның әскери шаруашылығы- бұл материалдық қаржылардың қорлары бар материалдық-техникалық база\*, бұған шаруашылық, техникалық, медициналық мақсаттағы объектілер және жеке адам құрамының әскери, арнаулы әзірлігін, материалдық-тұрмыс және мәдени қажеттерін, қару-жарақты, әскери және басқа техниканы, қару мен дәрі-дәрмекті, жанар майды және басқа материалдық құралдарды жан-жақты әрі кідіріссіз қамтамасыз етуге, дұрыс пайдалану мен күтіп ұстауға арналған оқу-материалдық база қосылады.

<\*> . "Материалдық құралдар" дегеніміз - осында және бұдан әрі - қару-жарақтың, әскери және басқа техниканың, ракетаның, оқ-дәрінің, жанар-жағар май материалдарының, арнаулы сұйық заттың барлық түрлері, азық түлік, зат, инженерлік, химиялық мүлік және Республикалық ұланның қажетін қанағаттандыру үшін пайдаланылатын басқа да материалдық құрал-жабдықтар.

35. Әскери шаруашылықты Республикалық ұланның қолбасшысы ұйымдастырады және басшылық етеді. Бұл басшылықты ол тікелей өзі, штаб, өзінің орынбасарлары және қызмет бастықтары арқылы жүзеге асырады.

36. Ұланның лауазымды адамдары әскери шаруашылықты ұйымдастыру, қару-жарақты, техниканы, мүлікті және басқа материалдық құралдарды есепке алу мәселелері жөнінде Қарулы Күштердің әскери (кеме) шаруашылығы туралы

ережені басшылыққа алатын болсын.

37. Ұланды материалдық-техникалық құралдардың барлық түрлері бойынша тылдық және көліктік қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының Материалдық ресурстар министрлігі мен Ауыл шаруашылық министрлігі ұйымдастырады және жүзеге асырады.

38. Үйлерді, ғимараттарды, коммуналдық шаруашылықты, тұрғын үйлер мен қызметтік үй-жайларды, инженерлік желілер мен коммуникацияларды материалдық-техникалық қамтамасыз етуді, күтіп ұстау мен жөндеуді, жеке адам құрамының қызмет бабындағы және

мәдени-тұрмыс қажеттеріне арналған жиһаздар мен мүкәммал сатып алуды республиканың әскери-сауда басқармасы және сауда жабдықтау органдары органдары арнаулы мақсатпен жүзеге асырады.

## II. Автотехникамен қамтамасыз ету

39. Автотехникамен қамтамасыз етуді ұйымдастыру мәселелері жөнінде Ұланның лауазымды адамдары Қарулы Күштердің Автомобиль қызметі жөніндегі нұсқауын басшылыққа алатын болсын.

40. Машиналарды пайдалануды жақсарту және мемлекеттік қаржыны жұмсаған кезде шығынды анықтау мақсатында автомобиль техникасының моторесурсын жұмсаудың республиканың Министрлер Кабинеті бекіткен жылдық нормасы белгіленеді.

Бір машинаға моторесурс жұмсаудың негізгі нормасы былайша белгіленеді:

-----!-----

Машинаның түрлері, ! Пайдалану топтары  
моторесурс ! -----!-----!-----!-----  
өлшемінің атауы ! жауын- ! саптық ! көліктік ! оқу-  
! герлік ! ! ! жаттығу

-----

! ! ! !

Автомобильдер:

жеңіл, км	-	-	60000	48000
жүк, км	6000	6000	30000	48000
арнаулы, км	4000	4000	14000	16000

олардың ішінде:

жолаушылар автобустары

және шағын автобустар,  
су және азық-түлік  
таситын автомобильдер,  
авторефрижераторлар - - 60000 -

Қалған техникаға моторесурс жұмсаудың жылдық нормасын белгілеген кезде Қарулы Күштердің бұйрығы басшылыққа алынсын.

### III. Жанар-жағар май материалдарымен және мүлікпен қамтамасыз ету

41. Моторесурс жұмсаудың бекітілген жылдық нормасына сәйкес жанар-жағар май материалдары мен арнайы сұйық заттар жұмсаудың Қарулы Күштердің нормативті актілерінде көзделген нормасы белгіленеді. Жанар-жағар май материалдарымен қамтамасыз ету республикалық қордан бөлінген лимит негізінде ұйымдастырылсын.

### IV. Азық-түлікпен қамтамасыз ету

42. Республикалық ұланның жеке құрамын азық-түлікпен жабдықтау жалпы әскери жеке армияның азық-түлік қызметі арқылы, бейбіт кезде солдаттар, сержанттар, прапорщиктер мен офицерлер үшін бірыңғай норма бойынша ай сайын осы нормамен азық-түлік үлесін немесе ақшалай өтемін бере отырып, Қарулы Күштерді азық-түлікпен қамтамасыз ету туралы ережеге сәйкес ұйымдастырылады, отбасы мүшелері есепке алынбайды:

дайын тамақ үлесімен - N 10 норма бойынша

негізгі тамақ үлесімен - N 1 норма бойынша тәулігіне

қосымша беріледі:

ет - 15 г.

жартылай қақталған ет - 50 г.

сыр - 25 г.

кофе сусыны - 2 г.

қойыртылған сүт - 20 г.

### V. Киім-кешекпен, моншамен және кір жуатын орынмен қамтамасыз ету

43. Жеке құрамды киім-кешекпен, моншамен және кір жуатын орынмен қамтамасыз ету жеке жалпы әскери армияның киім-кешек қызметі арқылы, Қарулы Күштердің нормаларына сәйкес ұйымдастырылады:

№ 1 - солдаттар мен сержанттар үшін; № 21 - жылы киіммен, жабдықтармен және төсек-орынмен жабдықтау; № 22 - жауынгерлік машиналардың экипажы үшін; № 23 - автомобиль техникасына қызмет көрсететін жеке құрам үшін; № 27 - күзет киімімен жабдықтау; № 28 - санитарлық-шаруашылық мүлікпен жабдықтау; № 40 - Әуе десант әскерінің жеке құрамын жазғы киім-кешекпен жабдықтау; № 54 - азық-түлік қызметіндегі жұмыстағы жеке құрам үшін; № 55 - түрлі арнаулы жұмыстарды орындауға қиетін арнаулы киіммен жабдықтау; № 63, 64 - арнаулы қызмет киім-кешегімен жабдықтау; № 66 - құрметті қарауыл роталарының әскери қызметшілерін киімнің ерекше парадқа қиетін түрімен жабдықтау.

44. Құрметті қарауыл ротасының және оркестрдің қатардағы және сержанттық құрамына киім-кешек сапасы жағынан кіші офицерлік құрамға берілетін матадан тігіледі.

45. Республикалық ұланның жеке құрамының киім формасының сыртқы ерекшелігі Әуе десант әскерлерінің береті және қызыл түсті погондары бар киім формасы болып табылады.

46. Қатардағы және сержанттық құрам үшін парадтық және күнделікті тағатын погондар мерзімнен тыс қызметтің әскери қызметшілері погондарының үлгісі бойынша белгіленеді: погонның жиегінен 20 мм жерге биіктігі 25 мм алтын түсті "РГ" әріптері жазылады.

47. Ұланның жеңге тағатын белгісі барлық әскери қызметкерлер үшін парадқа қиетін, күнделікті қиетін, жорыққа қиетін және арнайы киімнің сол жақ жеңіне тағып жүру үшін белгіленген.

48. Спорттық құрал-сайманмен, мүлікпен және жабдықпен қамтамасыз ету Қарулы Күштерде көзделген нормаға сәйкес жүзеге асырылады.

## VI. Тұрғын үймен және казармалық құрал-сайманмен қамтамасыз ету

49. Ұланды жиһазбен және казармалық құрал-сайманмен қамтамасыз ету республиканың сауда-жабдықтау органдары арқылы Қарулы Күштер үшін белгіленген норма бойынша ұйымдастырылады.

50. Міндетті әскери қызметке шақырылған Ұланның қатардағы және сержанттық құрамы, оның ішінде контракт бойынша қызмет атқаратындар алғашқы үш жыл ішінде қызметтің бүкіл мерзімі кезінде жатақхана түріндегі үйлерде тұратын болады. Контракт бойынша қызметін ұзартқысы келетін

қатардағы жауынгерлер мен сержанттарға контракт алғаш ұзартылған кезде 7 жылға қызмет бабындағы тұрғын үй алаңы беріледі. 10 жыл және одан да көп қызмет еткендерге тұрғын үй алаңы ордермен қоса беріледі.

51. Прапорщиктер қызметтің алғашқы 5 жылы ішінде қызмет бабындағы тұрғын үй алаңымен қамтамасыз етіледі. Бұдан кейін контракттың ұзартылуына қарай тұрғын үй алаңы ордермен бірге беріледі.

52. Офицерлік құрамды тұрғын үймен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

## VII. Сауда-тұрмыстық қамтамасыз ету

53. Ұланның жеке құрамын және олардың отбасы мүшелерін сауда-тұрмыстық қамтамасыз етуді республиканың Сауда министрлігі мен әскери сауда басқармасы әскери қалашықтардың территориясында салынған сауда-тұрмыстық кешендер арқылы ұйымдастырады.

## VIII. Медициналық қамтамасыз ету

54. Ұланның жеке құрамын медициналық қамтамасыз етуді, медициналық мүлікпен және дәрі-дәрмекпен жабдықтауды Республиканың Денсаулық сақтау министрлігі мен жеке жалпы әскери армияның медициналық қызметі жүзеге асырады. Әскери қызметшілерге және олардың отбасы мүшелеріне мамандандырылған медициналық жәрдем көрсету 141 гарнизондық емхана, 1226 әскери госпиталь және республика Ішкі істер министрлігінің госпиталы арқылы ұйымдастырылады.

## IX. Қаржымен қамтамасыз ету

55. Ұланның оперативтік-қызметтік жұмысын, жауынгерлік әзірлігін жүзеге асыруы үшін, жеке құрамды ақшамен қамтамасыз ету үшін, техника мен қару-жарақты пайдалану мен жөндеу, шаруашылық, мәдени тұрмыстық және басқа қызмет көрсетуі үшін керекті қаржыға деген қажеті белгіленген тәртіппен бекітілген сметаға сәйкес қанағаттандырылады. Ұлан ассигнование есебімен республикалық бюджеттен қаржыландырылады.

56. ТМД-ның Біріккен Қарулы Күштері бас қолбасшысының 1992 жылғы 12 наурыздағы N 015 бұйрығымен жарияланған лауазымдық жалақылар мен әскери атағы бойынша жалақылар Ұланның әскери қызметшілері үшін былайша белгіленеді:

- офицерлік құрамның адамдары үшін - жай лауазымдар бойынша

белгіленген лауазымдық жалақылардан 20 процент артық;

- прапорщиктер үшін - тарифтік разряд бойынша белгіленген лауазымдық жалақылардан 30 процент артық;

- қызметін контракт бойынша өтейтін солдаттар, сержанттар мен старшиналар үшін тарифтік разрядтарға сәйкес лауазымдық жалақылар белгіленген;

- мерзімді қызметтің солдаттары, сержанттары мен старшиналары үшін - ақшалай берілетін жалақылар 2 есе көбейтіледі.

Әскери қызметті контракт бойынша өтейтін офицерлік құрам адамдарының, прапорщиктер мен сержанттардың, старшиналардың әскери атағы бойынша жалақылары 20 сомға көбейтіледі.

## Х. Зейнетақымен қамтамасыз ету және жәрдемақы

57. Ұланның әскери қызметшілері әскери қызметтен босағаннан кейін және өзінің қызмет бабындағы міндетін өтеу кезінде қаза болған әскери қызметшілердің отбасы мүшелерін зейнетақымен қамтамасыз ету хұқына Қазақстан Республикасының Үкіметі қолданылып жүрген заң актілері негізінде кепілдік береді.

58. Ұланның әскери қызметшілеріне және олардың отбасы мүшелеріне әскери қызметтен босаған кезде ақшалай жәрдемақы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тиісті заң актілерінде көзделген жәрдемақы мен өтемақы төленеді.

59. Ұланның әскери қызметшілері Қарулы Күштердің әскери қызметшілері үшін заңда белгіленген барлық хұқықтармен және жеңілдіктермен пайдаланады.